## САБАҚ ЖОСПАРЫ

| | |
|---|---|
| **Пән** | Информатика |
| **Мұғалім** | Серікбай Ерік |
| **Мектеп, сынып** | Қостанай облысы, Рудный қаласы, №7 мектеп-гимназиясы, 7-сынып |
| **Сабақ тақырыбы** | Ежелгі Мысыр пирамидалары қалай салынғаны туралы қайдан білеміз? |

www.bilimland.kz

| | |
|---|---|
| **Осы сабақ арқылы іске асатын оқыту мақсаттары** | Оқушыларға трансформация туралы түсінікті меңгерту. |
| **Сабақтың мақсаттары** | Барлық оқушылар істей алады: суретке өзгеріс енгізе алады.<br>Көпшілігі істей алады: сурет үзінділерін белгілей алады.<br>Кейбір оқушылар істей алады: сурет үзінділерін бұрып, өлшемдерін кішірейте алады. |
| **Тілдік мақсат** | Трансформация, үзінді, қырқу |
| **Алдыңғы білім** | Суреттің үзінділерін ерекшелеу. Суреттің үзінділерімен жұмыс. Масштаб. |

### Сабақ барысы

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған әрекеттер (төмендегі жазбаларды өзіңіздің жоспарлаған әрекеттеріңізбен алмастырыңыз)** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Басы**<br><br>3 мин<br><br>5 мин | **Ұйымдастыру.** Оқушылармен амандасып, түгендеу.<br><br>**«Мен саған сенемін» тренингі арқылы психологиялық ахуал тұғызу.**<br>Әуен ойнап тұрады. Жұп құрып, бір- бірінің көздеріне қарап отырады. «Мен саған сенемін …» өйткені сен жақсы адамсың.<br>Оқушылар орнына отырады.<br>**Үй жұмысын тексеру:** «My test» бағдарламасы арқылы.<br><br>**1. «Paint» сөзі ағылшын тілінен қалай аударылады?**<br>A. Жобалау<br>B. Оқу, кітап<br>C. Сурет, сурет салу* | Кітап, компьютер, дәптер, бағалау парағы. |

| | | |
|---|---|---|
| | D. Музыка, ән салу<br><br>**2. Барлық растрлық кескіндер неден тұрады?**<br>A. Кішкене тіктөртбұрыштардан<br>B. Нүктелерден*<br>C. Сызықтардан<br>D. Символдардан<br><br>**3. Палитраның неше түсі бар?**<br>A. 256<br>B. 2<br>C. 30*<br>D. Қанша керек болса да<br><br>**4. Қисық сызық салғанда неше бүгіліс санын көрсету керек?**<br>A. 2*<br>B. 1<br>C. 0<br>D. 4<br><br>**5. «Дұрыс» фигура салу үшін қандай пернені жібермей ұстап тұру керек?**<br>A. Alt<br>B. Ctrl<br>C. Shift*<br>D. Delete<br><br>**6. Өшіргіштің қандай режимдері болады?**<br>A. Қарапайым және түрлі түсті*<br>B. Қарапайым және күрделі<br>C. Стандарттық және стандарттық емес<br>D. Жұмсақ және қатты<br><br>**7. Жай-күй жолында не беріледі?**<br>A. Инструменттер<br>B. Ағымдағы жұмыс туралы ақпарат*<br>C. Файлдың аты<br>D. Файлдың көлемі<br><br>**8. Қандай пернені жібермей ұстап тұрып, «ізі бар» көшірме алуға болады?**<br>A. Esc<br>B. Tab | |

| | | |
|---|---|---|
| 2 мин<br>3 мин<br>5 мин | C. Ctrl<br>D. Shift*<br><br>**9. Қандай сайманның көмегімен мәтін енгізуге болады?**<br>A. Өшіргіш<br>B. Мәтін*<br>C. Қарындаш<br>D. Қылқалам<br><br>**10. Мәтіннің түсі:**<br>A. Өзгертілмейді<br>B. Фонның түсімен бірдей<br>C. Палитра тышқанның сол жақ батырмасын шерту арқылы таңдалады*<br>D. Әрқашанда қараша<br><br>Қатемен жұмыс жүргізу.<br><br>Бағалау парақтарына бағаларын жазу.<br>Қосымша сұрақтар:<br>Өткен тақырыпты қайталау:<br>* Үзінді дегеніміз не?<br>* Үзінділерді белгілеу жолдары қандай?<br>* Үзінділермен қандай әрекеттерді орындауға болады?<br>* Үзінділерді көшіру және жылжыту әрекеттері қалай орындалады?<br>* Үзіндіні жою әрекеті қалай орындалады? | |
| **Ортасы**<br>3 мин<br>5 мин | **Жаңа сабақты түсіндіру:**<br><br>http://bilimland.kz/kk/home#lesson=16327 сілтемесі арқылы.<br>Кескіннің детальдарын дәлдеу масштабтың көмегімен жасалады. Windows-тегі барлық амалдар сияқты, масштабты әртүрлі тәсілдермен өзгертуге болады. Мыналар пайдаланылады: | Кітап, компьютер, тақта, дәптер, интерактивті тақта. |

| | | |
|---|---|---|
| 2 мин | - Түр (Вид) тіркеме бетінің саймандарын;<br>- Негізгі тіркеме бетіндегі Масштаб сайманын;<br>- Жай-күй жолындағы Масштаб жүгірткішін;<br>«Трансформация» сөзі латын тілінен түрлену, алмасу деп аударылады.<br><br>Үзіндіні бейнелеу немесе бұру әрекеттері:<br>1. Үзіндіні белгілеу<br>2. Рисунок менюіндегі немесе қосымша менюдегі Отразить/Повернуть командасын орындаймыз Бұл команда арқылы үзіндіні тік (вертикаль) немесе көлденең (горизонталь) осьтеріне қатысты 90,180, 270 градусқа бұруға болады.<br><br>Үзіндіні еңкейту немесе созу әрекеттері:<br>1. Үзіндіні белгілеу<br>2. Рисунок менюіндегі немесе қосымша менюдегі Растянуть/Наклонить командасын орындаймыз.<br><br>Қырқу – суреттің тек ерекшеленген бөлігін қалдыратын бұйрық. Ол өте қолайлы, өрнектердің суретін салғанда – алдымен элементтерін салып, одан кейін оларды көшіріп, өрнектерді құрып, ерекшелеп алып керек емес детальдардың қырқып аламыз.<br><br><br>Пабло Пикассо туралы видео көрсету. Видео арқылы оқушылардың сурет салуға қызығушылықтарын ояту. | |
| **Сергіту сәті**<br><br>3 мин | **Көзге арналған жаттығулар жасау.** | Интерактивті тақта, видео. |
| **Соңы**<br><br>15 мин | **Компьютермен жұмыс.**<br><br>«А» деңгейі.<br><br>Құттықтаймын! | |

<table>
<tr>
<td>3 мин<br><br>2 мин<br><br>1 мин<br><br>1 мин</td>
<td>

«В» деңгейі.



«С» деңгейі.



Тапсырмаға критерий.

<table>
<tr><th>Тапсырма</th><th>Ұпай</th></tr>
<tr><td>«А» деңгейін берілгені бойынша орындайды</td><td>1</td></tr>
<tr><td>«В» деңгейін орындайды.</td><td>2</td></tr>
<tr><td>«С» орындайды.</td><td>2</td></tr>
<tr><td>Барлығы</td><td>5</td></tr>
</table>

**Жаңа сабақты бекіту.**
http://bilimland.kz/kk/home#lesson=16327 сілтемесі арқылы жаттығуларды орындау.




Критерий: Әр дұрыс жауап – 1 ұпай. Максималды ұпай – 5 ұпай.

**Бағалау.** Критерий бойынша бағалау.

</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| **Тест** | **Практикалық жұмыс** | **Дұрыс/Бұрыс** | Барлығы | Бағасы |
|---|---|---|---|---|
| 5 | 5 | 5 | 15 | 5 |

13-15 – «5».
11-12 – «4».
8-10 – «3».
0-7 – «2».

**Қорытындылау:** сұрақтарға берген жауаптарын толықтыра отырып, сабақты қорытындылау.

**Үй тапсырмасын беру**: Графиктік ақпаратты өңдеу (бейнелерді масштабтау, трансформациялау) оқу, тест.

**Рефлексия.** «Бағдаршам» әдісі.




**Қосымша ақпарат**

| **Дифференциалды оқыту – көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндеттер қоюды жоспарлайсыз?** | **Бағалау – оқушылардың берілген материалды меңгеру деңгейін қалай тексересіз?** | **Пәнаралық байланыс Денсаулық және қауіпсіздік ережелері АКТ Құндылықтар мен байланыс** |
|---|---|---|
| Дифференциялды оқыту өз бетінше жаттығулар кезінде мұғалім қолдауының алмасуы арқылы іске асады. | Жетістік критерийлеріне сәйкес тапсырманы орындап мақсатқа жетуіне. | Дүние жүзі және Қазақстан тарихы пәндерімен пәнаралық байланыс бар. Презентация қолданылады, Интерактивті |

| | | |
|---|---|---|
| | | тақтаны 20-25 минуттан артық қолдануға болмайды. |
| **Рефлексия**<br>Сабақ мақсаттары/оқыту мақсаттары жүзеге асырымды болды ма? Бүгін оқушылар нені үйренді? Оқыту ортасы қандай болды? Менің бөліп оқытқаным өз мәнінде жүзеге асты ма? Мен өз уақытымды ұтымды пайдалана алдым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен? | **Төменде берілген бос орынды өз сабағыңызға рефлексия жүргізу үшін пайдаланыңыз. Сабағыңызға қатысты сол жақта келтірілген сұрақтарға жауап беріңіз.** | |
| | **Сабақтың мақсаттары жүзеге асырылды. Бүгінгі сабақта оқушылар суреттің масштабын, үзінділерін бұрып жұмыс істеуге үйренді. Жаңа сабақты түсіндіру барысында Bilimland порталынан алынған видео арқылы оқушылар жаңа сабақты тез түсінді. Сол сияқты видео арқылы олардың суретті салуға деген қызығушылықтары артты деген ойдамын. Берілген тапсырмалар барлығы орындалды. Бекіту үшін Bilimland порталындағы жаттығуларды орындап, сабақты мақсатына жеттік. Ресурстарды қолдана отырып, уақыт ұтымды қолданылды.** | |
| **Қорытынды бағалау**<br>**Ең жақсы өткен екі тапсырманы атап көрсетіңіз (оқытуға және үйренуге қатысты)**<br>**1: Берілген практикалық тапсырманың «В» деңгейі**<br><br>**2: Bilimland порталындағы жаттығулар.**<br><br>**Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (оқытуға және үйренуге қатысты)?**<br>**1: Сөзжұмбақ арқылы жаңа тақырыпты ашу.**<br><br>**2: Әр тапсырмаға критерийлер.**<br>**Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпаратты білдім?**<br>**1: Критерий болуы**<br><br>**2: Видеолар арқылы оқыту** | | |